# ЛЕГКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

## январь-сентябрь 2023 г.

**139,6**
МЛРД ТГ




**114,6%**
ИФО

**$107,6**
МЛН



ЭКСПОРТ




РЫНОК

**$2 883,1**
МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-август 2023 г.




## ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ

АО «Казахстанский центр индустрии и экспорта «QazIndustry»
РК, 010000 г. Нур-Султан, пр. Кабанбай Батыра, 17, тел: +7 (7172) 79 33 90 www.@qazindustry.gov.kz

**2023 ж. қаңтар-тамыздағы жеңіл өнеркәсіп**

Жеңіл өнеркәсіп өнімі өндірісінің көлемі **2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте 139,6 млрд теңгені** құрады, бұл, номиналды көріністе 2022 жылғы осы кезеңдегі деңгейден **25% жоғары**. Өсу жеңіл өнеркәсіптің барлық ішкі салаларында байқалады.

Текстиль бұйымдар (+31%), киім (+19,7%), былғары және оған жататын өнім (+11,4%) өндірісінде.

Жеңіл өнеркәсіп өнімінің **физикалық көлемінің индексі** 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте 2022 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда **114,6%** құрады. ФКИ өсуі текстиль бұйымдар өндірісінде ***(127,4%)*** байқалады, алайда, төмендеу киім ***(99,6%),*** былғары және оған жататын өнім ***(87,9%)*** өндірісі секторларында болды.

**Текстиль өнімі өндірісінде (+27,4%)**: ең жоғары өсу төмендегі таурларда болды: кілемдер мен тоқыма еден жабындары *25,8 есе,* оралмаған, тарақпен таралған талшықтардан жасалған мақта иірілген жібі *4,7 есе*, түкті маталар және арнайы маталар *5,2 есе*, киімнен басқа тоқылмаған материалдардан бұйымдар *4,3 есе,* төсек-орын жабдығы *57%* және т.б.

**Киім өндірісінде (-0,4%):** осы сектордың төмендегі тауарларында ең жоғары төмендеу байқалады: әйелдерге және қыз балаларға арналған трикотаждан басқа, блузкалар, күртелер және батниктер *99,4%,* әйелдерге және қыз балаларға арналған трикотаж, текстиль материалдардан жасалған жылы курткалар (шаңғыға арналған куртканы қоса алғанда), желбегейлер және осыған ұқсас бұйымдар *99,2%,* әйелдерге және қыз балаларға арналған трикотаж шалбарлар мен бриджи *98,3%,* әйелдерге және қыз балаларға арналған трикотаж, текстиль материалдардан жасалған блузкалар, күртелер, батниктер *97,1* және т.б.

**Былғары және оған жататын өнім өндірісінде (-12,1%)**: ең жоғары төмендеу төмендегі тауарларда болды: ерлерге арналған үстіңгі жағы жасанды былғарыдан көшеге арналған аяқ киім (етік, бәтеңке, туфли) *84,5%,* түксіз бүтін ірі қара мал терісінен жасалған былғары *66,9%,* тұмсықты қорғайтын металл қалпақшасы бар аяқ киімді қоспағанда, резеңкеден немесе полимерлі материалдардан жасалған табаны мен үстіңгі жағы бар су өткізбейтін аяқ киім *42,2%,* арнайы аяқ киім және басқа топтарға қосылмаған түрлі аяқ киім *31,7%.*

Жеңіл өнеркәсіп өнімі **экспортының көлемі 2023 жылғы қаңтар-тамызда 107,6 млн АҚШ долл.** құрады, бұл, 2022 жылғы тиісті кезеңнен **93,8% жоғары.**

Экспорт тауарлардың өсуі киім тауарларында 4 есе, былғары және оған жататын өнім тауарларда 2,8 есе, алайда, текстиль өнімі тауарларында 1% төмендеу байқалады. Негізгі экспорттаушы елдер: Ресей, Қытай, Қырғызстан.

Жеңіл өнеркәсіп өнімі **импортының көлемі 2023 жылғы қаңтар-тамызда 2 883,1** млн АҚШ долл. құрады, бұл, 2022 жылғы **осы кезеңмен салыстырғанда** 69% жоғары.

Импорт жеткізулердің өсуі жеңіл өнеркәсіптің барлық салаларында байқалады: текстиль бұйымдары *(+46%),* киім *(+76%),* былғары және оған жататын өнім *(+78%)*. Негізгі импорттаушы елдер: Қытай, Түркия, Ресей.

2023 жылғы қаңтар-тамызда ҚР **жеңіл өнеркәсіп нарығының көлемі 3 085 млн АҚШ долл.** құрады, онда, ОТӨ үлесі 6,5%, импорт өнім үлесі – 93,5%.

Сала бес өңірде жоғары **аумақтық шоғырланумен** ерекшеленеді: Шымкент қ., Түркістан облысы, Алматы қ., Алматы облысы және Ақмола облысы. Жеңіл өнеркәсіп үлесі Шымкент қ. республика өндірісінің жалпы көлемінің 18,8% құрайды.

Түркістан облысы – 14,3%, Алматы қ. – 7,9%, Алматы облысы – 7,5% және Ақмола облысы – 6,8%.